

А.Ж. КАНАЕВА¹, Н.К. УМЕКОВА¹

¹ *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
akma.kan81@mail.ru, umekova.n@yandex.ru*

ҚАЗАҚСТАНДА МАМАНДАНДЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ФРАНЦУЗ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ұсынылған талдау – тілдік емес мамандық студенттеріне мамандыққа бағытталған француз тілін оқыту, студенттердің кәсіби дайындығын жақсарту құралы ретінде қарастырылатын зерттеу нәтижесі болып табылады. Жүргізілген зерттеу жұмысы барысында біз құзыреттілікке негізделген тәсілді Болон үдерісі шеңберінде қазақстандық білім беру жүйесін шетелдік білім беру жүйелеріне жақындатудың маңызды әдістемелік құралы ретінде қарастырамыз. Соңғы жылдары білім беру үдерісінде оқытушылар болашақ маманның жалпы және кәсіби шеберліктерін дамытуға бағытталған құзыреттілік тәсілін жиі қолданып келеді. Бұл кәсіби білім берудегі тиімді тәсілі ретінде қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – оқытушылардың мамандыққа бағытталған француз тілі сабақтарында қандай тәсілдерді, әдістер мен оқу құралдарын қолданатынын анықтау болып табылады. Осы зерттеу аясында, біз мамандыққа бағытталған француз тілін оқытудағы өзекті мәселелерді айқындадық, сондай-ақ Қазақстанның жоғары оқу орындарында мамандыққа бағытталған француз тілін оқытудың кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтай алдық.

Түйін сөздер: мамандыққа бағытталған француз тілі, құзыреттілік тәсіл, шетел тілі, кәсібилендіру, тілдік емес мамандықтар.

Кіріспе. Қазақстан жоғары оқу орындарының нормативтік құжаттары мен оқу жоспарларының талаптарына сәйкес тілдік емес мамандық студенттеріне шет тілін оқытудың негізгі мақсаты – шет тіліндегі коммуникативтік және кәсіби құзыреттілігін интеграциялау және дамыту. Осы талаптарды орындау үшін қазақстандық жоғары оқу орындарының шет тілі оқытушылары өз мақсаттарына және оқу нәтижелеріне жету үшін әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолданады. Шет тілі бұл жағдайда студенттердің кәсіби құзыреттілігін және тұлғалық және кәсіби дамуын арттыру құралы ретінде әрекет етеді және маманның табысты кәсіби қызметінің қажетті шарты болып табылады [1].

Біз қарастырып отырған оқу орындарында кәсіби бағытталған француз тілі мамандықтың жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес аптасына 3 немесе 5 сағат оқытылады және әртүрлі семестрде басталады. Яғни, кейбір топтарда бакалавриаттың бірінші оқу жылының алғашқы семестрінде *Objectif*

diplomatie pour étudiants débutants (Hachette FLE) оқулығын қолданып, мамандыққа бағытталған француз тілін оқуды бастап, жоғары курсқа дейін жалғасады. Сонымен қатар, француз тілін екінші курстан бастап оқитын топтар бар екенін де атап кеткен жөн. Әртүрлі мамандықтар бойынша мамандыққа бағытталған француз тілін оқыту және оның сағат саны кафедралар әзірлеген және университет ректоры бекіткен оқу жоспарларына сәйкес ерекшеленеді.

Негізгі бөлім. Қазақстандық білім беру жүйесінде көптілді және билингвалды білім берудің халықаралық іс-тәжірибесінде қолданыс тапқан моделдерін енгізу – жаңа педагогикалық мәселе, өйткені ол жаңа жағдайларда шығармашылық тұрғыдан іске асырылуы тиіс [2]. Соңғы онжылдықта қазақстандық жоғары оқу орындарында француз тілін оқитын студенттер санының азайғаны байқалады. Нәтижесінде француз тілін әр түрлі деңгейде меңгерген топтар құрылады. Себебі, көп жылдар бойы еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде

ағылшын тілін оқыту басым болды. Негізгі шет тілі ретінде француз тілі тек Алматы қаласындағы № 25 мектеп гимназиясында оқытылып келеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазақстандық мектептерде француз тілі объективті және субъективті себептермен негізгі шетел тілі ретінде өз беделін жоғалтқанын көруге болады. Оның себептерінің бірі – халықаралық

қатынас тілі мәртебесін алған ағылшын тілінің басымдығы. Дегенмен де, «Үлкен айырмашылықтарға қарамастан, ол (француз тілі) әлі де барлық бес континентте қолданылуда және ағылшын тілінен кейінгі ең көп зерттелген екінші тіл болып қалуда» [3]. Қазақстандағы көптілділіктің дамуына байланысты француз тілі екінші шетел тілі позициясын нақты иеленгенін көрсетіп отыр.

Кесте

Топтар туралы жалпы мәлімет

Топ	Оқу жылы, Мамандығы	Студенттер саны	Француз тілі деңгейі	Оқыту формасы
1-топ	3-курс, ХҚ ҚазҰПУ	11	A1+ B1	Дәстүрлі формат, Офлайн
2-топ	4-курс, ХҚ ҚазҰПУ	7	B1 B1+	Онлайн, Zoom платформасы
3-топ	2-курс, ХҚ ҚазҰПУ	11	A1 A2	Онлайн, Zoom платформасы
4-топ	3-курс, ХҚ ҚазҰПУ	5	A2 A2+	Онлайн, Zoom платформасы

Зерттеу нәтижелері. *1-топ.* Қарастырылып отырған топ – Сорбонна-Қазақстан институтының «Халықаралық құқық» мамандығының 3 курс бакалавриат студенттері, топта барлығы 11 студент. Топтың француз тілі деңгейі іс жүзінде біркелкі емес: кейбір студенттердің деңгейі B1, B1+ болса, басқаларының деңгейі A1+ төмен екені байқалды. Сабақ білім беру бағдарламасына сәйкес нақты бекітілген танымдық мақсаттарға (құқықтық сөздік қорын байытуға) бағытталған. Бұл сабақ 2019 жылдың желтоқсан айының басында, Covid-19 пандемиясына дейін түсірілген және дәстүрлі офлайн форматта өткен. Бақыланатын сабақтар әдетте 50 минуттық форматта өтті. Сабақ бейнепроектор және аудиовизуалды ресурстар сияқты құралдармен жабдықталған кабинетте жүргізілгеніне көз жеткіздік. Бұл шет тілін үйренуге қолайлы жағдай жасайды.

2-топ. Келесі бақылау Сорбонна-Қазақстан институтының «Халықаралық құқық» мамандығының 4 курс студенттер тобы болды. Топ 7 студенттен тұрады, бірақ талдауға тек 3 студент қатысты. Студенттер француз тілін шамамен бірдей

деңгейде біледі, бұл B1/B1+. Талданған осы сабақ, сонымен қатар келесі екеуі Zoom платформасындағы бейнеконференция түрінде өтті. 2020 жылдың наурыз айының ортасынан бастап Қазақстандағы оқу орындар Covid-19 пандемиясына байланысты қашықтықтан оқытуға көшкенін атап өткен жөн. Карантиндік шаралардың енгізілуі бүкіл оқу үдерісінің қашықтан оқытуға шұғыл көшуіне себеп болды. Осыған байланысты барлық дәрістер әртүрлі оқу платформаларында онлайн режимінде өткені мәлім. Қашықтықтан оқыту оқытушы мен студенттің географиялық тұрғыдан алшақтағанын білдіреді, сондықтан бұл оқу үдерісін ұйымдастыру үшін электронды ақпарат құралдары мен баспа материалдарына сүйену қажеттілігін туындыратын процесс. Қазақстанның жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқыту негізінен студенттердің дербес әрекетіне сүйенеді, сондықтан студенттерді оқуға ынталандыратын және сонымен бірге оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей байланыстың жоқтығын немесе тіпті болмауының орнын толықтыратын оқыту формаларын қолдану қажеттілігі осы ретте туындады.

Бақылауға алынған бұл сабақ француз тілінде, яғни басқа тілді қолданбай жүргізілді. Осы орайда бұл топ студенттері төртінші курста оқитынын, яғни француз тілін үш-төрт жыл оқып жатқанын ескеруіміз керек. Оқытушы сабақ бойы студенттердің дербестігін дамыту бойынша жұмыс жүргізгені байқалады. Оқушының дербестігін дамытуды қарастыру – бұл ең алдымен оқытудан гөрі оқуға басымдық беру және оқушыны дидактикалық мәселелердің ортаға қою, сондықтан, ең алдымен, олардың біліміне қатысты шешім қабылдауға мүмкіндік беретін маңызды еркіндіктерді беру қажет [4].

3-топ. Бұл топ француз тілі деңгейі А1/А2 деңгейіне жақын 11 студенттен тұрады. Жоғарыда сипатталған сабақ сияқты, бұл бақылауға алынған сабақ Zoom платформасында қашықтықтан жүргізілді. Бұл ретте, 1-кестеден көрініп тұрғандай, студенттер Сорбонна-Қазақстан институтының «Халықаралық құқық» мамандығының 2 курс студенттері болып табылады. Бақылау барысында топтағы ынталылық деңгейі орташа екені анықталды. Оқыту процесінде студенттер кейде қазақ немесе орыс тілдеріне көшіп отырды. Сонымен қатар, студенттердің француз тілінде ауызша сөйлеу қиынға соғатыны анықталды.

4-топ. Бақыланатын топ 5 студенттен тұрады. Студенттердің француз тілін меңгеру деңгейі шамамен бірдей, яғни А2/А2+. Бақылауға алынған топ – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Халықаралық құқық» мамандығының 3 курс студенттері. 1-кестеден көріп отырғанымыздай, сабақ ZOOM платформасы арқылы оқытушы мен студенттің тікелей өзара әрекетін қамтыған онлайн режимінде өтті. Топтағы студенттердің барлығы дерлік сабаққа қызығушылық танытты, бірақ соған қарамастан топтың тілдік деңгейі орташа екені анықталды.

Бақылау объектілерінің бірі болып табылатын оқытушының рөліне тоқталар болсақ, біз оқытушылардың француз тілінде ұсынылған кейбір мәтіндерді түсінуге кедергі

келтіретін қиын терминдерді аударғандарын байқадық. Осы тұрғыда студенттердің француз тілін меңгеру деңгейінің біркелкі еместігін ескергенде, «кейде лексикалық аудармаға жүгіну қажеттілік» [5] екенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, сабақ барысында аутентивті материалдар (мәтіндер, бейнелер және басқа да ақпарат құралдары) қолданылғанын анықтадық. Мәтіндер әртүрлі критерилер бойынша (аутентивті, түпнұсқа түріндегі, пәнаралық байланысы бар, кәсіби бағытталған) іріктеліп алынады [6]. Осылайша, сабақта аутентивті материалдарды пайдалану студентті табиғи тілдік ортаға «имитация» арқылы енгізе отырып, тиімді оқуға мүмкіндік береді.

Тағы бір байқағанымыз, төрт оқытушының үшеуі қажет болған жағдайда студенттерге көмектесіп, кейде қиын сөздер мен терминдердің аудармаларын ұсынып отырды. Бұл ретте аударма студенттермен жүргізілетін рефлексиялық жұмыстың маңызды бөлігі екендігін көрсетеді. Кейбір ғалымдар аударманы шет тілдерін оқытуда көмекші құрал ретінде пайдаланудың жағымды жақтарын да атап өтеді. Котбтың пікірінше, оқытушы белгілі бір грамматикалық ережелерді түсіндірген кезде процессті жеңілдету үшін аудармаға немесе ілеспе аудармаға жүгіне алады [5].

Бақылау сонымен қатар француз тілін ауызекі тілде қолдану грамматикалық, лексикалық және айтылым аспектілері арқылы түсіндірілетінін көрсетті. Сөйлеу шетел тілін оқытуда маңызды рөл атқарады, өйткені егер біз сөйлеушінің айтқанының бәрін түсіне алмасақ, біз өзімізді алаңдау-шылық пен стресстік жағдайына түсіреміз [7]. Сабақты бақылау барысында біз оқытушының мамандыққа бағытталған француз тілінде сөйлеуге мән беретінін байқадық, олардың кәсіби іс-әрекеттерін іске асыру барысында тілді еркін қолдана білу үшін, студенттердің түсіну мен ауызша сөйлеу қабілеттерін дамытуға тырысты.

Бақылау объектілері: сабақ барысы. 1 сабақ. Сабақ барысында оқытушының қолданған оқулығы – М.Суаньенің Français juridique [8] әдістемелік құралы.

Бұл әдістемелік құрал, әдетте, сөздік қорды байытуға бағытталған және құқық саласында жиі қолданылады. À vous de jouer – «Utiliser le vocabulaire», Faites votre propre bilan-«Classez et notez le vocabulaire...», «Notez les mots et expressions...» айдарлары бойынша өткізілетін жаттығулар оқушылардың лексикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Сабақта қолданылған жаттығулар «әділеттілік және юрисдикция» тақырыптар бойынша сөздік қорын белсендірді. Бақыланған сабақ барысында бірнеше дидактикалық тапсырмалар орындалды: өткенді қайталау және үй тапсырмасын тексеру, жаңа лексикалық және грамматикалық материалды оқып-үйрену және бекіту.

2 сабақ. Сабақты түпнұсқалық құжаттардың (мәтіндер, комикстер, бейнелер және басқа материалдар) күшті дидактикалық жүктемесіне негізделген оқыту тәсілін қолданатын француз тілі оның ана тілі болып келетін маман жүргізді. Сабақтарда қолданылатын материал лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілерге бағытталған. Оқытушы студенттерді қарым-қатынасқашақыру үшін сабақта проблемалық жағдаяттарды пайдаланды. Бұл ретте жағдаяттық әдіс сөйлеуге үйретуде қарым-қатынас принципі жүзеге асыру құралы ретінде қарастырылып отыр. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді [9]. Сабақта сөйлеу қабілетіне ерекше орын берілгені оқытушының студенттердің кәсіби іс-әрекеттері барысында туындаған мәселелергі қиындықсыз төтеп бере алу үшін олардың түсіну және сөйлеу қабілеттерін дамытуға үнемі назар аударып отырғанын көрсетеді. Осыған байланысты сарапшылар оқытушы «қолданыстағы тілдерді таратуда маңызды рөл атқаратынын ...» [10] атап өтеді.

3 сабақ. Сабақ барысында оқытушының қолданған дидактикалық материалы–М.Суаньенің *Objectif Diplomatie pour étudiants débutants* әдістемелік құралы. Талданған сабақта оқытушы оқушыларды өзі толық меңгерген тақырыптық реттілікке сәйкес

нақты лексиканы, сондай-ақ қарастырылатын саланың терминдерін пайдалана отырып сөйлем құрауға ынталандырды. Сондай-ақ, бақылау бізге француз тілін ауызша сөйлеуде қолдану, әдетте, грамматикалық, лексикалық және фонетикалық аспектілер бойынша жұмыс істеуге негізделетінін көрсетеді. Оқытушы жаттығулардың қалай орындалғанын бақылап отырады. *Objectif Diplomatie* әдісінен алынған «Les institutions européennes» тақырыбы бойынша арнайы мәтінді оқу барысында студенттер мынадай грамматикалық қиындықтарға тап болды: қолданылатын етістік шақтары, сөйлемдердің синтаксистік құрылымдары, бағыныңқы сөйлемдердің жиілігі, т.б.

4 сабақ. Түсірілген сабақ барысында оқытушының ауызша және бейне дидактикалық құжаттарды жана сөздерді енгізуге және оқулық ресурстарын оқушылардың фронтальды немесе жеке жұмысын ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қосымша карточкаларды қолданатынын көрдік. Осы бақыланатын топтың оқытушысы М.Суаньенің *Objectif Diplomatie pour étudiants débutants* оқулығын пайдаланды. Оқытушының міндеті – жұмысты ұйымдастыруға және сабақтағы уақытты дұрыс пайдалануға көмектесу. Оқытушы оқушылардың жетістіктері мен қиындықтарын атап, түзеп отырды.

Оқыту студенттерді қарым-қатынас жасауға және өзара сөйлесуге ынталандыра отырып, лексиканы түсіну және үйрену стратегияларын дамытуға бағытталған. Оқытушы арнайы сөздікпен жұмыс істеуге қажетті дағдыларды қалыптастыруға тырысады.

Пікірталас. Бақылау барысында оқытушылардың индуктивті (дедуктивті) әдісті қолдана отырып, жаңа оқу материалын коммуникативті түрде енгізгенін де байқадық. Семантизация түсіндіру, анықтау, түсініктеме беру, аудару, жағдайды орнату арқылы жүзеге асырылды. Семантизация әдісін таңдау білім деңгейіне, студенттердің француз тілін меңгерген деңгейіне, берілген материалдың күрделілігіне және т.б. сәйкес келеді. Сабақтар студенттердің коммуни-

кативтік құзыреттілігін интеграциялауға бағытталды. Сабақ барысында оқытушылар әртүрлі бақылау және бағалау құралдарын (сұрақ-жауап, жаттығулар мен жағдайлық есептер) пайдаланды. Кейбір оқушылардың енжарлығына қарамастан, барлық топтардағы жалпы атмосфераны оптимистік, жайлы деп сипаттауға болады. Студенттердің көпшілігі сұрақ қоюға, көмек сұрауға, қиындықтарын айтуға батылы жетпегенін айта кету керек.

Сонымен қатар, грамматика немесе жаңа сөздердің мағынасын түсіндіріп жатқанда оқытушылар қазақ немесе орыс тіліне жүгініп отырады. Бұл жағдайда осы тәсіл оқушылардың түсіну деңгейін тексеру және бағалау үшін қолданылады. Сонымен бірге, аударма студенттермен жүргізілетін рефлексиялық жұмыстың маңызды бөлігі болып табылады.

Бақылау барысында лексика, яғни тапсырмалар (ақпаратты іздеу, маңызды ұғымдарды түсіну) аясында сөздікпен жұмыс жасау оқытудың негізгі мақсаттарының бірі екенін байқадық. Дегенмен, оқытушылардың дауыстап оқу немесе ауызша баяндама жасау кезінде оқушылардың фонетикалық дағдыларын жетілдіруге бағытталған әрекеттері байқалды. Оқытушылардың күш салуына қарамастан, студенттердің шет тілдеріндегі коммуникативтік құзыреттілік деңгейі төмен болып қалуда.

Сондай-ақ, мамандыққа бағытталған француз тілін оқытатын оқытушылардың саны шектеулі екені анықталды.

Бақылау барысында студенттердің құқықтық тақырыптарда қарым-қатынас жасауда қиналғанын байқадық. Атап айтқанда, олар өз ойларын жеткізуде қиналып, жиі кідірістер болды. Олардың жауаптарында түсініксіз сөздер кездесті, нақты терминдер көбінесе синонимдермен ауыстырылғанында байқадық.

Жоғарыда айтылғандай, ЖОО-да мамандыққа бағытталған француз тілін оқыту 1-ші және 2-ші курстарда оқытылатын жалпы француз тілінің жалғасы болып табылады. Оқу бағдарламаларын талдау және сабақтарды бақылау нәтижесінде қазақстандық жоғары оқу орындарының

мамандыққа бағытталған француз тілі пәні оқытушыларының оқу мақсаттарына сәйкес мазмұнды таңдауда бірыңғай әдістің жоқ екенін анықтадық. «Француз тілін оқытудың негізгі мақсаты – дағдыларды меңгеруге немесе дамытуға және көптеген құралдар арқылы қарым-қатынас жасауға студенттерді үйрету» [11]. Сондықтан «...осы студенттердің тіл дағдыларын оңтайландыратын методологиялық нұсқасын таңдау қажет...» [12]. Шетел тілінде қарым-қатынас мамандардың кәсіби қызметінің негізгі құрамдас бөлігіне айналуға, ал тілдік емес университеттердегі «Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнінің рөлі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде соңғы жылдары айтарлықтай өсті [13].

Зерттеулердің және түсірілген сабақтарды талдау бізге мамандыққа бағытталған француз тілі пәні оқытушыларының Интернет ресурстарын, яғни оқушылардың қызығушылығын оятуға бағытталған және оқытылатын пәнге қатысты кез келген түпнұсқалық құжатты, жаттығуларды, бейне және аудио материалдарды тауып қолдануға тырысатынын көрсетті. Алайда көбінесе контекстке бейімделмеген бұл оқу материалдар мен әдістер оқушылардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандырмайды.

Бұл зерттеу қазақстандық жоғары оқу орындарындағы тілдік емес мамандықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, француз тілін оқыту сапасының жеткіліксіздігінің негізгі себептерін анықтауға мүмкіндік берді. Бұл француз тілін үйренуге бөлінген сағаттардың жеткіліксіздігін, мұғалімдер үшін арнайы дайындықтың болмауын, студенттердің француз тілін меңгеру деңгейінің әркелкілігін ғана емес, сонымен қатар француз тілін оқыту әдістемесінің олардың кәсіби білімімен сәйкес жеткіліксіз дамуын көрсетті.

Қорытынды. Осылайша, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз келесі қорытындыға келдік:

- «Халықаралық құқық» және «Халықаралық қатынастар» мамандықтары бойынша оқу бағдарламаларын қайта қарау қажет.
- Кейбір студенттер университет қабыр-

ғасында мамандыққа бағытталған француз тілін оқуға міндетті деп ойлайды. Оқыту жағдайының бұл түрі жиі жағымсыз нәтижелерге әкеледі, өйткені оқушы жеткілікті қызығушылық танытпайды және деңгейі төмен немесе тіпті орташа болып қалады [14].

– Мамандыққа бағытталған француз тілін оқытудың тиімділігін арттыру үшін оқу мақсаттарын, жалпы мүмкіндіктерді, оқыту мақсаттарын, силлабустарды, оқу материалдарын, «оқушыға бағытталған материалдармен қамтамасыз ететін» [15]

әрекеттерді анықтайтын Қазақстан университеттері үшін құзыреттіліктерге негізделген логикаға сәйкес мамандыққа бағытталған француз тілі бойынша біртұтас оқу жоспары мен бағдарламасын және бағалау жүйесін әзірлеу қажет. Соңғы онжылдықтарда бағалау жүйесі сабақтар мен бағдарламалардың мазмұнына барынша әсер ететіндей маңызды бола бастады [12]. Нәтижесінде бағалау процедураларына (қорытындылау және қалыптастырушы бағалауды әзірлеу) көбірек көңіл бөлу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1] Bakytzhan E.K., Zhaitarova A.A., Berdysheva A.A. Тілдік емес мамандық (дене шынықтыру және спорт факультеті) студенттерінің кәсіби бағытталған шетілдік коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың өзектілігі // Теория и методика физической культуры. – 2022. – Т. 68. – №2. – С.13-19. [Электронды ресурс]: URL: https://doi.org/10.48114/2306-5540_2022_2_13 (өтініш берген күні: 19.06.2022).

[2] Абишева А.К. Көптілділік білім мен тәрбие -полимәдениетті тұлға қалыптасуының негізі // Педагогическая наука и практика. – 2018. – №4 (22). [Электронды ресурс]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-ptildilik-bilim-men-trbie-polim-denietti-t-l-a-alyptasuyny-negizi> (өтініш берген күні: 20.06.2022).

[3] Cuq J. P. Une politique linguistique ascendante: les professeurs de français acteurs de leur propre formation continue // Carnets. Revue électronique d'études françaises de l'APEF. – 2016. – № 8. [Электронды ресурс]: URL : <http://journals.openedition.org/carnets/1866> ; DOI :<https://doi.org/10.4000/carnets.1866> (өтініш берген күні: 20.06.2022).

[4] Ollivier C. Ressources Internet, wiki et autonomie de l'apprenant // EPAL-Echanger Pour Apprendre en Ligne. – 2007.

[5] Qotb H. Enseignement/Apprentissage du FOS: défis et perspectives // Les Cahiers du GERES. – 2009.

[6]. Асылханова Л.А. Эффективность интерактивных методов в обучении профессиональному языку // Оргкомитет конференции. – 2019. – С.140. [Электронды ресурс]: URL: <https://xn--80aqa2d.xn--p1ai/files/ff70a1d1-a028-427b-8a1e-9843734de502.pdf#page=140> (өтініш берген күні: 21.06.2022).

[7] Oliveira D.N. Les difficultés des élèves à communiquer en français à l'oral, en classe de 9eme et 10eme au lycée Abilio Duarte de Palmarejo: réalités et perspectives : дис. – 2010.

[8] Soignet M. Le français juridique: droit, administration, affaires. – Hachette, 2003. – Т. 1.

[9] Мадан Г.Ж. Қазақстан республикасындағы тіл саясатын жаңғыртудың проблемалары мен перспективалары // Мемлекеттік саясат магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба. Нұр-Сұлтан – 2021.

[10] Chnane-Davin F., Faizova K., Sadykova G. Enseigner et évaluer le FLE au Kazakhstan. Quelle évolution des pratiques enseignantes? // Le Français dans le monde. Recherches et applications. – 2018. [Электронды ресурс]: URL: <https://hal.archives-ouvertes.fr/hal-02471387/> (өтініш берген күні: 17.06.2022).

[11] Maati N. A. M. Efficacité du module des activités ludiques basées sur les stratégies de l'apprentissage coopératif pour le développement des compétences langagières chez les élèves des écoles préparatoires en FLE– 2020. – Т. 46. – №.46/1. – С.57-76.

[12] Chnane-Davin F., Cuq J.P. Outils linguistiques et entrée en littéracie chez les élèves allophones // Lidil. Revue de linguistique et de didactique des langues. – 2017. – №. 56.

[13] Канаева А.Ж., Нурланбекова Е.К., Бесирова Н.С. Кәсіби бағытталған шетел тілі сабағында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы / Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2022. – Т.65. – №.2. [Электронды ресурс]: URL: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.65.2.022> (өтініш берген күні: 17.06.2022).

[14] Qotb H. La traduction comme activité médiatrice dans un cours de FLE //Les Langues Modernes. – 2016. – №2. – С.21-30.

[15] Cuq J.P. Qu'est-e qui supporte le support? //Supports en classe de langue? Spécificité des enjeux et diversité des approches. – 2016. [Электронды ресурс]: URL: <https://hal.archives-ouvertes.fr/hal-02119759> (өтиніш берген күні: 21.06.2022).

References:

[1] Bakytzhan E.K., Zhaitapova A.A., Berdysheva A.A. Tildik emes mamandyk (dene shynықтыru zhәne sport fakul'teti) studentteriniң kәsibi baғыttalған shettildik kommunikativtik қызiretiligin қалыptastyrudың өзektiligi //Teoriya i metodika fizicheskoy kul'tury. – 2022. – T. 68. – №2. – S.13-19. [Elektronды resurs]: URL: https://doi.org/10.48114/2306-5540_2022_2_13 (өтиніш берген күні: 19.06.2022).

[2] Abisheva A.K. Kөptildilik bilim men tәrbie -polimәdenietti tұлға қалыptasuynың negizi //Pedagogicheskaya nauka i praktika. – 2018. – №4 (22). [Elektronды resurs]: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-ptildilik-bilim-men-t-rbie-polim-denietti-t-l-a-alyptasuyny-negizi> (өтиніш берген күні: 20.06.2022).

[3] Cuq J.P. Une politique linguistique ascendante: les professeurs de français acteurs de leur propre formation continue //Carnets. Revue électronique d'études françaises de l'APEF. – 2016. – № 8. [Elektronды resurs]: URL : <http://journals.openedition.org/carnets/1866> ; DOI :<https://doi.org/10.4000/carnets.1866> (өтиніш берген күні: 20.06.2022).

[4] Ollivier C. Ressources Internet, wiki et autonomie de l'apprenant //EPAL-Echanger Pour Apprendre en Ligne. – 2007.

[5] Qotb H. Enseignement/Apprentissage du FOS: défis et perspectives //Les Cahiers du GERES. – 2009.

[6] Asylhanova L.A. Effektivnost' interaktivnyh metodov v obuchenii professional'nomu yazyku //Orgkomitet konferencii. – 2019. – S.140. [Elektronды resurs]: URL: <https://xn--80aqa2d.xn--p1ai/files/ff70a1d1-a028-427b-8a1e-9843734de502.pdf#page=140> (өтиніш берген күні: 21.06.2022).

[7] Oliveira D.N. Les difficultés des élèves à communiquer en français à l'oral, en classe de 9eme et 10eme au lycée Abilio Duarte de Palmarejo: réalités et perspectives : dis. – 2010.

[8] Soignet M. Le français juridique: droit, administration, affaires. – Hachette, 2003. – T. 1.

[9] Madan G. Zh. Қазақстан respublikasyндағы тил sayasatyn zhaңғыrtudың problemalary men perspektivalary //Memlekettik sayasat magistri дәrezhesin alu үshin magistrlik zhoba . Nұr-Sұлтан – 2021.

[10] Chnane-Davin F., Faizova K., Sadykova G. Enseigner et évaluer le FLE au Kazakhstan. Quelle évolution des pratiques enseignantes? //Le Français dans le monde. Recherches et applications. – 2018. [Elektronды resurs]: URL: <https://hal.archives-ouvertes.fr/hal-02471387/> (өтиніш берген күні: 17.06.2022).

[11] Maati N. A. M. Efficacité du module des activités ludiques basées sur les stratégies de l'apprentissage coopératif pour le développement des compétences langagières chez les élèves des écoles préparatoires en FLE– 2020. – T. 46. – №.46/1. – S.57-76.

[12] Chnane-Davin F., Cuq J. P. Outils linguistiques et entrée en littéracie chez les élèves allophones //Lidil. Revue de linguistique et de didactique des langues. – 2017. – №. 56.

[13] Kanaeva A.Zh., Nurlanbekova E.K., Besirova N.S. Kәsibi baғыttalған shetel tili sabarynda kommunikativtik қызiretilikti қалыptastyru //Abylaj han atyндағы ҚазКНҚzhәneӘТУ Habarshysy / Pedagogikalық ғыlymdar seriyasy. – 2022. – T.65. – №2. [Elektronды resurs]: URL: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2022.65.2.022> (өтиніш берген күні: 17.06.2022).

[14] Qotb H. La traduction comme activité médiatrice dans un cours de FLE //Les Langues Modernes. – 2016. – №2. – S.21-30.

[15] Cuq J.P. Qu'est-e qui supporte le support? //Supports en classe de langue? Spécificité des enjeux et diversité des approches. – 2016. [Elektronды resurs]: URL: <https://hal.archives-ouvertes.fr/hal-02119759> (өтиніш берген күні: 21.06.2022).

**Основные направления и возможности преподавания французского языка
по специальности в Казахстане**

А.Ж. Канаева¹, Н.К. Умекова¹

¹ *Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

(Алматы, Казахстан)

Аннотация

Анализ, предложенный в данной статье, является результатом исследования, в котором преподавание и изучение французского языка по специальности рассматривается как инструмент для повышения профессиональной подготовки студентов неязыковых специальностей. В нашем исследовании мы рассматриваем компетентностный подход как подход, являющийся важнейшим методологическим инструментом для сближения системы казахстанского образования с зарубежными системами образования в рамках Болонского процесса. В учебном процессе преподаватели все чаще используют компетентностный подход, направленный на эффективность профессионального обучения и развитие общих и профессиональных навыков будущего специалиста. Цель данного исследования состоит в том, чтобы определить, какие подходы, методы и учебно-методические материалы используют преподаватели на занятиях французского языка по специальности. Данное исследование позволило нам определить текущие проблемы в преподавании французского языка по специальности, которые необходимо решить, а также преимущества в преподавании или изучении французского языка специальности в вузах Казахстана.

Ключевые слова: французский язык по специальности, компетентностный подход, иностранный язык, профессионализация, неязыковые специальности.

**The main areas and opportunities for specialised
French teaching in Kazakhstan**

A. Kanayeva¹, N. Umekova¹

¹ *Al-Farabi Kazakh National University*

(Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The analysis proposed in this article is the result of a study in which teaching and learning French as a major is considered as a tool to enhance the professional development of non-language students. In our study, we consider the competence approach as the most important methodological tool for bringing the Kazakh education system closer to foreign education systems within the Bologna process. Teachers increasingly use competency-based approach in the learning process, aimed at the effectiveness of professional learning and development of general and professional skills of a future specialist. The aim of this study is to identify the approaches, methods and teaching materials used by teachers in the French language classes. This research allowed us to identify current problems in teaching French in the specialty that need to be solved and the advantages in teaching or learning French in the specialty in universities in Kazakhstan.

Keywords: speciality French, competence-based approach, foreign language, professionalization, non-linguistic specialties.

Редакцияға 24.05.2022 қабылданды